

Хью Жон Лофтиң

**ДӘРІГЕР ДУЛИТА  
ЖӘНЕ  
МАЙМЫЛДАР ТАЙПАСЫ**

*Ертегі*

Балаларға арнап бейімдеген  
Жасарал Назерке

Астана-кітап  
Алматы, 2021

**ӘӘЖ 821.111-93**

**КБЖ 84 (4 Вел)**

**X 98**

Хью Лофтиң

**X 98** Дәрігер Дулитл және маймылдар тайпасы : Ертегі.  
– Алматы: Астана-кітап, 2021. – 28 б.

**ISBN 978-601-7595-34-0**

Кеңестік дәуірдің дәрігері Айболит есінде шығар. Міне, оның шын аты – Дәрігер Дулитл. Дулитл өте мейірімді, жанашыр және ерекше дәрігер. Оның ерекшелігі – жануарлардың тілін жақсы түсініп, олармен сөйлесе алады. Дәрігер Дулитл өзінің ең жақын достары Африкалық тотықұс және Чи-Чи маймылды алып, жаңа бір саяхатқа шығады. Бұл жолы достар Маймылдар тайпасын індеттен құтқаруы керек.

**821.111-93**

**КБЖ 84 (4 Вел)**

**ISBN 978-601-7595-34-0**

©Астана-кітап, 2021



Хью Жон Лофтиң 1886 жылы Ұлыбританияда дүниеге келген. Хью бала кезінен бастап жануарларды жақсы көретін. Оның ойыншық жануарлардан құралған үлкен шкаф толы “зообағы” бар еді. Бірақ Хью өскенде мал дәрігері емес, инженер болады.

Хью Лофтиңның жазушы болуына Бірінші дүниежүзілік соғыс әсер етті. Жазушының бір ұлы және бір қызы бар еді. Соғысқа кеткен әкесін қатты сағынған балалар одан хат күтеді. Әкесі басынан өткен қиыншылықтарды жазбай, қиялынан әңгіме құрастырады. Әр хатында хайуандардың тілін түсінетін мал дәрігері мен сөйлейтін жануарлар жайында әңгімелейді.

Соғыс аяқталып, Хью еліне, отбасына аман-есен оралады. Бір күні оның балаларына арнап жазған хаттарын бір баспагер кездейсоқ көріп қалады. Әңгімеге қатты қызыққан баспагер Хью Лофтиңнан тез арада кітап шығаруын өтінеді. Осылайша, әлемге әйгілі “Дәрігер Дулитл” пайда болады.

Бір қызығы кітаптың иллюстрациясын Хью Лофтиң өзі салыпты.

# КЕЙІПКЕРЛЕР



Маймыл Чи-чи



Дәрігер Дулиттл




Тотықұс



Маймылдар басығысы



Екі басты қарақұйрық



**ДӘРИГЕР ДУЛИТА**  
**ЖӘНЕ**  
**МАЙМЫЛДАР ТАЙПАСЫ**



Бағзы бір заманда Жон Дулитл деген дәрігер болыпты. Қолы шипалы дәрігер жан-жануар атаулыны ерекше жақсы көретін. Үйіне келген жануардың бәріне қамқор болып, емдеп жіберетін.

Дәрігер Дулитл о баста адам емдейтін дәрігер болған. Кейін тотықұсынан жан-жануардың тілін үйреніп, сөйтіп, аң-құсты емдейтін дәрігерге айналды. Бұл жаңалыққа ауылдағы жан-жануар атаулы қатты қуанды. Жан дүниесін түсінетін адам табылғанына бәрі ерекше риза еді.

